

2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 359 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 ақпанда № 2929 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы №836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындалсын.

2. "Сарысу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Көкей Олжас Тұрғынұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 5 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б. Жайлыбаев

Сарысу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы "2016 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" №359 қаулысына келісім парағы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер

департаментінің Сарысу ауданының
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Қ. Қапаров

8 қаңтар 2016 жыл

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің Жамбыл облысы Жаңатас
қаласының Қорғаныс істері жөніндегі
біріктірілген бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Бахтияров

8 қаңтар 2016 жыл

Сарысу ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 359 қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері (теңге)	Сұраныс	Ұсыныс
1.	"Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 облыстық бюджет	120	120
2.	"Сарысу ауданы Байқадам ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	23	23
3.	"Сарысу ауданы Жайылма ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	15	15
	"Сарысу ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты"	Санитарлық тазалау, көркейту және	Толық емес жұмыс күні жағдайында	34289 жергілікті		

4.	коммуналдық мемлекеттік мекемесі	көгалдандыруға жәрдемдесу	және икемді кесте бойынша	бюджет	13	13
5.	"Сарысу ауданы Игілік ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	13	13
6.	"Сарысу ауданы Тоғызкент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	15	15
7.	"Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	13	13
8.	"Сарысу ауданы Қамқалы ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	16	16
9.	"Сарысу ауданы Досбол ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	10	10
10.	"Сарысу ауданы Түркістан ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	13	13
11.	"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	3	3
12.	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер департаментінің Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	27	27
	Сарысу ауданы әкімдігі тұрғын					

13	үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жаңатас Су-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	5	5
14	"Көгалдандыру және көріктендіру" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 облыстық бюджет	30	30
15	Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Сарысу сулары" шаруашылық жүргізу құқықтағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыруға жәрдемдесу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша	34289 жергілікті бюджет	24	24
Барлығы:					340	340